



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Карен Армстронгтың өмірі  
мен шығармашылығы



## Кіріспе

Батыс дінтану ғылымында Исламға қатысты зерттеу еңбектері қарқын алып, кеңінен қанат жайып келеді. Мыңдаған жылдар бойы батыс ориенталистерінің ислам әлемін жағымсыз сипатта көрсетуге тырысқандығы мәлім. XX ғасырдың орта шенінен бастап, объективті көзқарас ұстанатын батыс ғалымдарының ішінде Карен Армстронг сынды зерттеушінің Ислам дінінің адамзатқа әкелген пайдасы, мәні мен маңызы туралы «Тәңірінің тарихы» атты ғылыми еңбегін Қазақстан ғылымы үшін таныту өзекті мәселе болып отыр.

Англиялық дінтанушы ғалым Карен Армстронг бүгінгі таңда әлемдегі ең атақты зерттеушілердің бірі. Ол салыстырмалы, феноменологиялық әдістеме жүйесіне жүгініп, діндердің тарихын, әр замандағы діни ойлардың дамуы мен жетілуін, адамдардың Тәңір түсінігінің қалыптасуын зерделеген. Әсіресе оның осы кітабы бүгінгі таңда ең үлкен үш діннің иудаизм, христиан және ислам діндерінің тарихындағы Тәңір жайындағы ізденістер мен қағидаларды барынша егжей-тегжейлі қарастырған толымды еңбек. Автор бұл дүниеде Ибраһим пайғамбардың дінінен бастау алған діндерді феноменологиялық, герменевтикалық тұрғыдан зерттеген. Бұл кітап әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, діннің ішкі сырларына ынтық оқырмандар арасына жол тартты. Ол туралы шет тілдерде жарыққа шыққан мақалалар, шағын зерттеулер де бар. Алайда Карен Армстронгтың бұл кітабы қазақ тіліне әлі аударылған жоқ еді. Қазақ дінтану ғылымы кешеуілдеп дамып келе жатқандықтан, Батыс классик дінтанушыларының еңбектеріне әлі қол жеткізе алмай келе жатқанымыз жасырын емес. Бұл дәрісіміздің бастапқы өзектілігін құрайды. Сонымен қатар, Карен Армстронг еңбегіндегі маңызды ұғымдар мен категориялар, тұжырымдар мен қағидалар қазақ ғылымына әлі таныс емес. Біз бұл еңбегімізде кітапты толық қарастырып, тақырыптық топтарға сәйкес оларды ұсынуға тырыстық.

Мақсатымыз дін тарихшысы Карен Армстронгтың осы зерттеуіндегі діни тұжырымдарды ашып көрсету; Тәңір ұғымының замандарға сай қаншалықты шынайы талданғандығына назар аударту. Иудаизм, христиан және ислам дүниетанымындағы Тәңір түсінігінің даму-жетілу процестеріне мән беру, Әлемдік ғылым саласы ретінде дінтану ғылымының қалыптасу, пайда болу тарихына көз жүгірте отырып, К. Армстронгтың қандай салалар бойынша зерттеулерге жүгініп отырғандығын сараптау; Оның еңбектеріндегі дін феноменінің құндылықтық сипатын бағдарлау; өмірбаяны мен Исламға қатысты және басқа діндерге қатысты салыстырып жасаған талдауларына сыни көзқарас қалыптастыру, осы еңбектің дінтанушылар ортасындағы маңызын, жаңалығын және ондағы уақыт өлшемдерін көрсету. Сондай-ақ, оның қолданған дінтану әдіснамасы мен оның тақырыптарын зерделеу; «Тәңір, әлем, адам» қатынасындағы ізденістер жүйесін сараптау.

Бұл курста Армстронгтың кітабындағы маңызды деп тапқан идеялар мен ұстанымдарды, әдіснамалық ізденістерді, ең басты діни танымдық проблемалар мен ұсыныстарды объективті тұрғыдан ұсынуға тырыстық. Бұл сіздерге Карен Армстронгтың кітабындағы негізгі ойлар мен ұстанымдарды нақтылауға, сараптауға бағдар көрсетеді. Бұған қоса, ойды тұжырымдау, талдау, тиянақтау мақсатын нақтылайтын сұрақтар да қарастырылған.

Осы курс сіздердің діни таным төңірегіндегі негізгі болмыстық, тарихи, феноменологиялық сонымен қатар, антропологиялық және аксиологиялық қырларына терең ой жіберулеріңізге көмектеседі деген сенімдеміз.

Карен Армстронг – англиялық дінтанушы, философ, публицист, профессор, ғылым докторы. Ол діндер тарихын, әр кезеңдегі діни танымның мәнін, дамуы мен өзгерістерін аналогиялық-компаративистік, феноменологиялық және тарихилық әдістерге жүгіне отырып, Тәңір түсінігінің уақыт ішінде қалыптасу ерекшелігін зерделейді.

## Карен Армстронг кім?

**Дәрістің мақсаты:** Карен Армстронгтың өмір жолы мен шығармашылығына шолу жасау. Оның консервативтік католицизмнен либералдық конфессия алды діндарлыққа дейінгі жолын айқындау.



Карен Армстронг 1944 жылы 14 қарашада Англиядағы Уоркстершир қалашығында ирландиялық католик отбасында дүниеге келді. Өзінің өмірбаяны туралы жазған мәліметтерде Карен, жастайынан діни рәсімдер мен жоралғыларға, құлшылық үлгілері мен сырына қатты қызығып, әке-шешесінің айтқан әңгімелеріне имандай сенетін. Библиядағы барлық пайғамбарларға қатысты оқиғаларды тыңдаған сайын көз алдына қаншама бейнелер көрініп, оны басқа бір тылсым әлемге жетелеп кететіндей сезінетін.

Карен Армстронг 1962–1969 жылдар аралығында, ақылды қалпында, алайда кәмелеттік жасқа жете қоймаған шағында монахтық тіршілік кешті. Осылайша Карен үшін орындалған арман сияқты көрінгенмен, монастырьда біреумен достық қарым-қатынас орнатуға тыйым салынуы, рұқсаттың берілмеуі, ондағы суық қарым-қатынас оны бірте-бірте монахтықтан торықтырып жібереді. Әйтсе де ол монастырьдағы жағдайды түзету үшін әрекет жасайды. Монастыр тіршілігіне реформа қажет екендігін айтып, оларды сынайды.

Монах болып жүрген кезде 1966 жылдың соңғы кезінде Оксфорд университетінің «Қасиетті Анна» факультетіне құжаттар тапсырып, бакалавр дәрежесін иеленіп, диплом алғаннан кейін Лондон университетінде заманауи әдебиет бойынша дәріс беруге кіріседі. Әрі қарай тереңдей түсіп, сол университетте ағылшын ақыны Лорд Альфред Теннисон (1809–1892) жайында докторлық диссертациясын жазады.

## Карен Армстронгтың шығармалары

Карен Армстронгтың Исламға қатысты шығармасы «Muhammad: A Biography of the Prophet» (Victor Gollanez, England 1991). Армстронг бұл кітабында Батыс жұртшылығында бірнеше ғасырлар бойы Мұхаммед пайғамбарға қатысты айтылған сындарды сараптай отырып, пайғамбардың өмірін зерттейді.

«Islam: A Short History» (Modern Library, New York 2000) автор бұл шығармасында Ислам дінінің қалыптасу кезеңдері, Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны, Мұхаммед пайғамбардан кейінгі кезеңді талдап, оған қатысты деректер негізінде көптеген жасырын тұстарын ашып көрсетуге тырысады.

Карен Армстронг адамзат тарихындағы Исламның орны мен маңызын сараптап, талдауға, зерделеуге көп еңбек сіңірген. Сондықтан Исламға деген көзқарасы айқын аңғарылады.

Карен Армстронг мұсылмандардың барлық жерде Тәңірді ұлықтауға баса мән беретіндігін, оның көркем есімдерін қайталап жүретіндігін, Алла тағаланы үздіксіз мақтап, пәктейтіндігін тілге тиек етеді. Алла тағала: «Мен бір құпия қазына едім. Өзімнің танылғанымды қаладым және танылу үшін әлемді жараттым», – дейді. Ол бұл жерде онтологияның негізінде «магрифатуллаһ», яғни, «Алланы тану» мәселесінің басты орынға қойылғандығын жазады.

## «Ибрахимнен бүгінге дейінгі Иудаизм, Христиандық және Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану Баяны» кітабының жазылу мақсаты

Карен Армстронгтың «Ибрахимнен бүгінге дейінгі Иудаизм, Христиандық және Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану Баяны» еңбегі Батыстық дінтану саласында үлкен маңызға ие еңбек болды. Себебі ХХ ғасырдың ортасына дейін Батыста Ислам дініне қара күйе жағу, оны «құбыжық» етіп көрсету әрекеттері барынша өршіп тұрған болатын.

Карен Армстронг Иса пайғамбардың миссиясының негізгі мәні діндарлар тарапынан бұрмалағандығын ескертеді. Оның сөздерінің тек аз ғана бір бөлігі Інжілде жазылған, ал Інжіл кейіннен Әулие Павел тарапынан құрастырылған дейді.

Карен Армстронгтың «Құдайтану баяны» – түптеп келгенде ұғып танылмайтын Құдай жайлы емес. Бұл үш туыстас монотеисттік дін – Иудаизм, Христиандық, Исламдағы Құдай идеясының тарихы жайлы. Осы кітаптың кіріспесінде Карен Армстронг: «монотеизм жақтастары қашанда Құдайды сөзбен түсіндірудің мүмкін еместігін айтып келді, алайда дәл осы мақсатта тілдің барлық бейнелеу қабілетін қолданды. Яхудиердің, христиандардың және мұсылмандардың



Құдайы – «сөйлейтін» Құдай, Оның Сөзі барлық үш дінде де маңызды. Құдай Сөзі бүкіл біздің өркениетіміздің тарихын анықтап берді; ендігі кезекте біз үшін «Құдай» сөзінің мәні қаншалықты сақталғанын айқындау қалды» деп жазады.

### Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Діни фундаментализм деген не? Ол Қазақстанда бар ма? Оның біздің қоғамға қауіпі бар ма? Егер бар болса, мұндай қауіптен қалай құтылуға болады?
2. Жанашырлық Хартиясын зерттеп және ол туралы өз ойын құрастыру: қаншалықты ол заманауи адамның сұранысына жауап береді? Қаншалықты шынайы және осы заманда болашағы бар және т.б.
3. Баланы кішкентай кезінен белгілі бір дінде тәрбиелеу керек пе, әлде есейгенде саналы түрде өз дінін таңдауы қажет пе?
4. Сіздің өміріңізде діни инстинкт бола ма? Оны қалай қанағаттандырасыз?

### Бақылау сұрақтары

1. К. Армстронг қандай ортада тәрбиеленді, қандай білім алды?
2. К. Армстронгтың монахтық ұйымды тастап кету себептері қандай?
3. К. Армстронг пікірі бойынша сенімнің нанымнан айырмашылығы неде?
4. Діни догмат деген не? Қандай догматтарды білесіз?
5. Діни инстинкт деген не?
6. Алтын ереже деген не?
7. Жанашырлық Хартиясы деген не, оның авторы кім?
8. «Құдайтану баяны» Құдайды не адамды, қайсысын зерттеуге арналған?

### Қосымша ресурстар

1. Karen Armstrong «Through the Narrow Gate» (1982). Первая изданная книга К. Армстронг, ее воспоминания о юности, проведенной в католической монашеской организации.
2. Хартия сострадания. [www.charterforcompassion.org](http://www.charterforcompassion.org)
3. Карен Армстронг. Ислам. Краткая история от начала до наших дней. М., Эксмо. 2011.